

## **Кремация рәсімін өткізуге арналған жадынама**

Кремация жасау үшін қажетті құжаттар:

- 1. Марқұмның кремация жасауға берген жазбаша тірі кезіндегі келісімі, өкімі, ерік білдіруі немесе қайтыс болғаннан кейін жерлеу тәсілі ретінде денені кремациялау көрсетілген өсиетнамасы (нотариалды куәландырылған).**
2. Марқұмның жеке куәлігі.
3. Өлім себебі көрсетілген медициналық өлім туралы куәлік (түпнұсқа немесе нотариалды куәландырылған көшірме).
4. АХАТ (ХҚКО) органдары берген өлім туралы куәлік, мөрмен немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен (QR) расталған.
5. Туыстық немесе ерлі-зайыптылық қатынасты растайтын құжаттың көшірмесі (неке туралы куәлік, туу туралы куәлік және т.б.).
6. Кремация рәсімін өткізуге арналған құжаттарды рәсімдеуге жауапты жақын туыстың жеке куәлігі.
7. Жақын туыстардан немесе марқұмның өзінен сенім білдірілген тұлғаға кремация рәсімін ұйымдастыру және қажетті құжаттарды рәсімдеу, күлді және ілеспе құжаттарды алу үшін берілген нотариалды сенімхат (кремация рәсімі жерлеу агенттіктері немесе үшінші тұлғалар арқылы ұйымдастырылған жағдайда).

Кімді кремациялауға болады:

1. Зорлық-зомбылықсыз қайтыс болған тұлғалар.

Кімді кремациялауға болмайды:

1. Зорлық-зомбылық салдарынан қайтыс болған тұлғалар (Аурулардың халықаралық жіктемесінің оныншы қайта қарауы бойынша S немесе T кодтары).
2. Өлім түрі анықталмаған тұлғалар (Аурулардың халықаралық жіктемесінің оныншы қайта қарауы бойынша R кодтары)

Кремация рәсімінің құны – 240 000 теңге, оған жерлеу керек-жарақтары мен басқа қызметтер кірмейді.

Анықтама телефоны: +7-778-704-13-66 Қайыржан Санатович